

А.М. БИСЕНГАЛИЕВА¹*, К.О. ДЮСЕГАЛИЕВА²

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Орал қ.), e-mail: B.a.m69@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-6914-2352>

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Орал қ.), e-mail: d.galia74@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-3529-948X>

ЖОО-ДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МЕҢГЕРУ

Аңдатпа. Мақалада ХХІ ғасыр цифрлық даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі ретінде елімізді сапалы өмір сүрудің жаңа жағдайларына бейімдеуде оқыту формалары, әдістері, тәрбиелік құралдарын анықтайтын педагогикалық процестің ұйымдастырушылық-әдістемелік негізі қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда педагогикалық технологиялар тәсілі білім берудің оқыту мен білімді игерудің барлық үдерісін құру, қолдану, анықтаудың жүйелі әдісі болып табылады. Білім сапасы мен қолжетімділігі мәселелерін шешу және цифрлық білім беру жүйесіндегі оқытудың арнайы формасы – заманауи технологияларды қолданып оқыту.

Заманауи қолданылып жүрген педагогикалық технологияның негізіне жататындар – әрбір білім алушының ерекшеліктерін ескеру, қабілеттері мен шығармашылығын арттыру, өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі таңда ең үлкен міндеттің бірі заманауи технологияларды меңгеру екені белгілі. Қашықтықтан оқыту үдерісінде Microsoft Teams, Bandecam, Canva.com, LMS платформаларында түрлі әдістерді қолдану кең аудиторияда білім алушылардың белсенділігін арттырады.

Microsoft Teams, Bandecam, Canva.com платформаларын оқыту үдерісінде қолдануда оның артықшылықтары мен кемшіліктерін де атауға болады. ЖОО-да ақпараттық технологияны пайдаланып оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана алады. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады және түсіндіріледі. Қашықтықтан оқыту технологиялары таңдау курстарын, ақпараттық жұмысты және бейіндік бағдарлауды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың өзін-өзі анықтауына ықпал ететін білім беру кеңістігін құруға арналған.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, COVID-19, оқыту формасы, үдеріс, онлайн оқыту, ақпараттандыру, технология, интернет, модуль, бағдарлама.

A.M. Bissengaliyeva¹, K.O. Dyussegalieva²

¹Senior Lecturer of Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University (Kazakhstan, Uralsk), e-mail: B.a.m69@mail.ru

²Senior Lecturer of Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University (Kazakhstan, Uralsk), e-mail: d.galia74@mail.ru

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бисенгалиева А.М., Дюсегалиева К.О. ЖОО-да қашықтықтан оқытудың заманауи технологияларын меңгеру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б. 136–143. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.12>

***Cite us correctly:**

Bisengaliyeva A.M., Diusegalieva K.O. JOO-da qashyqtqtan oqytudyn zamanaui tehnologiialaryn mengeru [Mastering Modern Distance Learning Technologies at the University] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2022. – №1 (123). – B. 136–143. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.12>

Mastering Modern Distance Learning Technologies at the University

Abstract. This article examines the organizational and methodological basis of the pedagogical process, which determines the forms, methods of teaching, educational means in adapting the country to new conditions of quality life, which is one of the main tasks at the stage of digital development of the XXI century. From this point of view, the approach of pedagogical technologies is a systematic method of construction, application, identification of the entire learning process and assimilation of knowledge. Solving the problems of quality and accessibility of education and a special form of training in the digital education system – training with the use of modern technologies.

At the base of modern pedagogical technology is taking into account the characteristics of each student, increasing his abilities and creativity, forming skills of independent work, search. Today, one of the biggest challenges is the development of modern technologies. In the process of distance learning, the activity of students in a wide audience increases using various methods on the Microsoft Teams, Bandecam platforms, Canva.com, LMS.

When using Microsoft Team, Bandicam platforms in the educational process, Canva.com it can be named its advantages and disadvantages. At the university, using information technology, it was possible to use various teaching methods. The effectiveness of distance learning is determined and explained by the pedagogical meaning inherent in it. Distance technologies are designed to create an educational space that promotes self-determination of students through the organization of elective courses, information work and profile orientation.

Keywords: distance learning, COVID-19, form of teaching, process, online learning, informatization, technology, Internet, Module, Program.

А.М. Бисенгалиева¹, К.О. Дюсегалиева²

¹старший преподаватель Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (Казахстан, г. Уральск), e-mail: V.a.t69@mail.ru

²старший преподаватель Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (Казахстан, г. Уральск), e-mail: d.galia74@mail.ru

Освоение современных технологий дистанционного обучения в вузе

Аннотация. В данной статье рассматривается организационно-методическая основа педагогического процесса, определяющая формы, методы обучения, воспитательные средства в адаптации страны к новым условиям качественной жизни, которая является одной из главных задач на этапе цифрового развития XXI века. С этой точки зрения подход педагогических технологий является системным методом построения, применения, выявления всего процесса обучения и усвоения знаний. Решение проблем качества и доступности образования и специальная форма обучения в системе цифрового образования – обучение с применением современных технологий.

В основе современной педагогической технологии лежит учет особенностей каждого обучающегося, повышение его способностей и творчества, формирование навыков самостоятельной работы, поиска. Сегодня одной из самых больших задач является освоение современных технологий. В процессе дистанционного обучения повышается активность обучающихся в широкой аудитории с использованием различных методов на платформах Microsoft Teams, Bandecam, Canva.com, LMS.

При использовании в учебном процессе платформ Microsoft Teams, Bandecam, Canva.com можно назвать ее преимущество и недостатки. В вузе с использованием информационных технологий удалось использовать различные методы обучения. Эффективность дистанционного обучения определяется и объясняется включенным в него

педагогическим смыслом. Дистанционные технологии предназначены для создания образовательного пространства, способствующего самоопределению обучающихся посредством организации курсов по выбору, информационной работы и профильной ориентации.

Ключевые слова: дистанционное обучение, COVID-19, форма обучение, процесс, онлайн обучение, информатизация, технология, интернет, модуль, программа.

Кіріспе

Заманауи білім беру жүйесі білім беру саласын жаңғырту жаңашылдығы ақпараттық технологияларды тез үйреніп, білім беру мәселелерін шығармашылдықпен шешуді, білім бағдарламаларын дербес өзгешіліктермен толықтыруды ұсынады. Қазіргі кездегі білім беруде кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың талаптарына сүйенсек ЖОО-да оқытудың технологияларын меңгеру заман талабы, қажеттілік болып табылады [1].

Қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі тұлғалық даму ерекшеліктерін дер кезінде диагностикалау болып табылады. Қашықтықтан оқытудың теориялық және практикалық аспектілері А.Н. Тихонов, Е.С. Полат, Р.М. Деллинг, М.Дж. Мур, М.Ю. Бухаркин, В.Г. Кинелев, М.В. Моисеева, В.И. Овсянников, В.И. Солдаткин, А.В. Хуторский, С.А. Щенников, Т.Х. Хакимова, Ж.Х. Спабекова, Ш.А. Курманбаева, К.А. Тулентаева және т.б. шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылды. Қазіргі таңда бұл тақырыптың өзектілігін жоққа шығаруға болмайды, сондықтан осы мақалада қашықтықтан оқытудың веб-ортасы қарастырылады.

Қашықтықтан оқыту үдерісі оқытушының көмегінсіз тапсырмаларды өз бетінше орындауға мүмкіндік береді. Соның себебінен оқытушылар мен білім алушылар жаңа технологияларды жылдамырақ таныстыру үшін онлайн-білім беру жоспарларын құруға немесе жеделдетуге мәжбүр болды. COVID-19 байланысты, 2020 жылдың 16 наурыз айынан бастап ЖОО дәстүрлі білім беруді қашықтықтан оқытуға жаппай көшіріле бастады [2].

Зерттеу әдістері

Қазіргі таңда COVID-19 байланысты оқыту үдерісі жаппай қашықтықтан оқытуға көшірілді. Білім алушыларды оқытуға және қашықтықтан басқаруға мүмкіндік беретін көптеген білім беру платформалары мен технологияларын тиімді пайдаланумен жүзеге асырылады. Осы жағдайға байланысты Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессорлар-оқытушылар құрамы қашықтықтан оқыту жүйесін және оқыту үдерісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін – Skype, Zoom, Moodle, Microsoft Teams, Bandicam, Canva.com, Telegram Web, Whatsapp мессенджерлер платформаларын пайдалануда [3].

Көптеген университеттердің өздерінің оқыту платформаларын пайдалануының нәтижесінде оқыту үдерісі едәуір жеңілдетілді.

Талдау мен нәтижелер

Осылайша, қашықтықтан оқытуға бағытталған жоғарыда аталған барлық платформалар қазіргі кезде цифрлық сауаттылық білім беру процесін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге білім алушының өздігінен білім алуына көмектесе алатындығының керемет мысалы болып табылады. Қазіргі дамыған заманда ақпараттандыру үрдісі еліміздің болашағы – жас ұрпаққа заманауи білім беріп, қызығушылығын арттырады [4].


Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту жаңа ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға, білім беру ақпаратын шексіз қашықтыққа жіберуге мүмкіндік беретін және ақпарат алмасудың интерактивтілігін қамтамасыз ететін мультимедиялық құралдар негізінде, синхронды және асинхронды режимде де, аралас режимде де екі жақты байланысты әр түрлі формада ұсынуға негізделген.

Қашықтықтан білім берудің және оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі білім алушы мен оқытушының білім беру үдерісінің жаңа үлгілеріне жүйелі түрде көшуі [5]. Ол білім алушыларға пәндерді оқу кезектілігімен таңдау, оқытудың икемді қарқыны, нақты оқытушымен тікелей қарым-қатынас жасауының арқасында қол жеткізіледі, оған білім алушының өзін не қызықтыратыны туралы дәл сұрақтар қоюға болады, бұл оқыту үдерісінде заманауи технологияларды қолдануға, яғни жұмыста пайдалы болатын дағдыларды қатар игеруге мүмкіндік береді [6].

Moodle платформасы университеттегі оқыту үдерісін ұйымдастыру мақсатында арнайы жасақталған, сонымен қатар оқытушылар мен білім алушыларға электронды платформаларға кіруге жағдай жасалынды.

Microsoft Teams, Zoom және Skype платформаларына талдау жасайтын болсақ, олар дәрістер үшін өте қолайлы екенін атап кетуге болады, ақпараттың үлкен көлемін бекіту қажет болған кезде, оқытушы мен білім алушылар арасында тікелей байланыс орнатуда семинарлар өткізуге ыңғайлы. Оқыту құралдары видео-сабақтар oCamPortable, Bandicam, NurerCam арнайы бағдарламалардың көмегімен түсіріліп, YouTube арнасына немесе Google диск-ке сілтеме беру арқылы қолданылады [7].

Canva – бұл әлеуметтік желілерде суреттерден бастап макеттерге дейінгі басып шығара алатын графикалық дизайн жасауға арналған онлайн-сервис. Оқыту кезінде оқу тапсырмаларын көрсету үшін интерактивті презентациялар жасау құралы ретінде Canva.com платформасын қолданамыз. 1-суретте Canva.com платформасын көрсетілген.



1-сурет – Canva.com платформасы


Bandicam-скриншоттар жасауға және компьютер экранынан бейне жазуға арналған бағдарлама. Bandicam бағдарламасы компьютер экранынан бейне жазу қажет болған

жағдайда қолданылады. Осы бағдарлама арқылы вебинарларды, бейне сабақтар немесе ойындарды қарауға қоймай оларды әлеуметтік желіге орналастыруға да болады.


Бағдарламада екі режим бар. Бірінші режимі «Rectangle on a screen» скриншотты немесе бейнені экраннан белгілі бір жерде және мөлшерде түсіруге мүмкіндік береді. Екінші режимі «DirectX/OpenGL window» жасақталған DirectX немесе OpenGL-де жаза алады.

Bandecam платформасы арқылы өткізілген сабақтар көрінісі 2-суретте көрсетілген.

Осы бағдарлама көмегімен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессорлар оқытушылар құрамы дәріс, практикалық сабақтарын бейне таспаға жазып оны YouTube каналына салып білім алушыларға ссылақ арқылы таратып отырды.



2-сурет – Bandecam платформасы



3-сурет – Kahoot бағдарламасы

Kahoot-викториналар (квиздер), дидактикалық ойындар мен тесттер жасауға арналған интернет-сервис. Білім алушылар сервиске қосылған кезде Интернет желісіне кез келген құрылғыдан: планшеттен, смартфоннан, компьютерден және т.б. қосыла алады. 3-суретте Kahoot көмегімен интерактивті сауалнамалар құрылды [8].

ЖОО да қашықтықтан оқытқанда бейне тапсырмалар дайындалып, оларды монтаждауға кеткен уақыт дәстүрлі оқытумен салыстырғанда ұзағырақ болды.

Ақпараттық технологияларды үйреніп, бүгінгі күннің уақыт талабына сай ПОҚ үлкен шығармашылық ізденісте болғанын атап кетуге болады.

ЖОО ақпараттық технологияларды пайдаланып, білім беру мекемелерінде оқыту үдерісінде ұйымдастырылды. Осындай тұрғыдан қашықтықтан оқыту жұмыстары жөнінде саалнамалар жүргізілді [9].

4-суретте көрсетілгендей қашықтықтан оқытуға жүргізілген сауалнама ата-аналар, оқушылар, білім алушылар мен оқытушылар арасындағы көзқарастар әр түрлі екенін көруге болады.



4-сурет – Қашықтықтан оқытуға жүргізілген сауалнама

Осыдан, қашықтықтан білім беру жүйесін жетілдіру біздің еліміз үшін білім беру саласын ақпараттандыру проблемасымен тығыз байланысты маңызды және өзекті әлеуметтік-технологиялық проблема болып табылады [10].

Зерттеу нәтижесінде жалпы білім беру салаларында цифрландыруды шараларын іс жүзінде жүзеге асырылды.

Қорытынды

Ақпараттық технологиялардың өзгерістерінің жедел дамуы ақпараттық қоғамның маңызды көрсеткіші болады. Сондықтан заманауи цифрлық құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі оның жаңа ақпараттық технологияларды өз бетінше меңгеруге, олардың мүмкіндіктері мен тәуекелдерін бағалауға, сонымен қатар еніп жатқан өзгерістердің қарқынын қабылдауға, білім беруді үнемі жаңартуға және жаңа құзыреттіліктерді иеленуге дайындығы. Қазақстан Республикасының аумағында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде электронды оқытуды қолдана отырып, қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылды.

Бүгінгі күні университетіміз дәстүрлі форматқа ауыстырылғанымен, дәріс сабақтары онлайн түрде өткізілуде. Қашықтықтан білім беруде заманауи технологияларды қолдану, оларды игеру бойынша тәжірибе алмасу арқылы оқытушылар барлық қиындықтарға қарамастан техникалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелердің басым бөлігінің жедел түрде шешімін тапты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баранов А.Ю., Малкова Т.В. Актуальные проблемы дистанционного обучения // *Modern Science*. – 2020. – №9-1. – С. 193–195.
2. Асташова Н.А., Мельников С.Л., Тонких А.П., Камынин В.Л. Технологические ресурсы современного высшего образования // *Образование и наука*. – 2020. – №22(6). – С. 74–101.
3. Gadakchyan A., Kapitonova N., Treboukhina N., Ustinova N. Web environment of distance learning // *Paper presented at the E3S Web of Conferences*. – 2020. – Vol. 210. – P. 13–23.
4. Skulmowski A., Rey G.D. COVID-19 as an accelerator for digitalization at a German university: Establishing hybrid campuses in times of crisis // *Human Behavior and Emerging Technologies*. – 2020. – 2(3) – P. 212–216.
5. Арбузов С.С. Применение активных и интерактивных видео-методов обучения в процессе проведения занятий с помощью Google Класса // *Стратегические ориентиры современного образования: сборник научных статей*. – Часть 1. – 2020. – С. 196–199.
6. Zabolotska O., Zhyliak N., Nevchuk N., Petrenko N., Alienko O. Digital competencies of teachers in the transformation of the educational environment // *Journal of Optimization in Industrial Engineering*. – 2021. – 14(1). – P. 43–50.
7. Турманова Ж.Е. Оқыту үдерісіндегі on-line және off-line ережелерін құрудың маңызы // *Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы*. – 2020. – № 4. – Б. 146–151.
8. Скрипко Л.Е. Внедрение инновационных методов обучения: перспективные возможности или непреодолимые проблемы // *Менеджмент качества*. – 2012. – №3. – С. 15–18.
9. McGuinness C., Fulton C. Digital literacy in higher education: a case study of student engagement with e-tutorials using blended learning // *Journal of Information Technology Education-Innovations in Practice*. – 2019. – Т. 18. – P. 1–28.
10. Baeva L.V., Khrapov S.A., Azhmukhamedov I.M. «Smart Technologies» in Education: Development Opportunities and Threats // *Lecture Notes in Networks and Systems*. – 2021. – 155. – P. 714–723.

REFERENCES

1. Baranov A.Yu., Malkova T.V. Aktualnye problemy distancionnogo obucheniya [Actual problems of distance learning] // *Modern Science*. – 2020. – 9-1. – S. 193–195. [in Russian]
2. Astashova N.A., Melnikov S.L., Tonkih A.P., Kamynin V.L. Tekhnologicheskie resursy sovremennogo vysshego obrazovaniya [Technological resources of modern higher education] // *Obrazovanie i nauka*. – 2020. – 22(6). – S. 74–101. [in Russian]
3. Gadakchyan A., Kapitonova N., Treboukhina N., Ustinova N. Web environment of distance learning. In *Paper presented at the E3S Web of Conferences*. – 2020. – 210. – P. 13–23.
4. Skulmowski A., Rey G.D. COVID-19 as an accelerator for digitalization at a German university: Establishing hybrid campuses in times of crisis. In *Human Behavior and Emerging Technologies*. – 2020. – 2(3). – P. 212–216.
5. Arbuzov S.S. Primenenie aktivnyh i interaktivnyh video-metodov obucheniya v processe provedeniya zanyati s pomoshchyu Google Klassa [The use of active and interactive video

- learning methods in the course of conducting classes using Google Classroom] // *Strategicheskie orientiry sovremennogo obrazovaniya: sbornik nauchnyh statei.* – 2020. – S. 196–199. [in Russian]
6. Zabolotska O., Zhyliak N., Hevchuk N., Petrenko N., Alieko O. Digital competencies of teachers in the transformation of the educational environment. In *Journal of Optimization in Industrial Engineering.* – 2021. – 14(1). – P. 43–50.
 7. Turmanova Zh.E. Oqytu uderisindegi on-line jane off-line erejelerin qurudyn manyzy [The importance of building on-line and off-line rules in the learning process] // *Euraziya gumanitaryq institutynyn habarshysy.* – 2020. – 4. – P. 146–151. [in Kazakh]
 8. Skripko L.E. Vnedrenie innovacionnyh metodov obucheniya: perspektivnye vozmozhnosti ili nepreodolimye problem [Introduction of innovative teaching methods: promising opportunities or insurmountable problems] // *Menedzhment kachestva.* – 2012. – № 3. – S. 15–18. [in Russian]
 9. McGuinness C., Fulton C. Digital literacy in higher education : a case study of student engagement with e-tutorials using blended learning // *Journal of Information Technology Education-Innovations in Practice.* – 2019. – 18. – P. 1–28.
 10. Baeva L.V., Khrapov S.A., Azhmukhamedov I.M. «Smart Technologies» in Education: Development Opportunities and Threats // *Lecture Notes in Networks and Systems.* – 2021. – 155. – P. 714–723.